

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІНІҢ БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН ТАЛДАУ**

**Бердібек Т.Қ.**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Экономика факультетінің 2  
курс студенті, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы  
Ғылыми жетекшісі – Б.О.Кайранбеков

Шетел мемлекеттерінде ішкі істер органдарының әртүрлі деңгейдегі модельдері немесе жүйелері бар. Бірақ та ел ішіндегі жүйеге келсек, өз елімізге тән жүйенің ары қарай дамуына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарын жаңғырту мәселелері бойынша қазіргі таңда біршама бюджеттік бағдарламалардың септігі аз емес.

Бәрімізге белгілі, ҚР Ішкі істер министрлігі азаматтық қорғаныс саласында маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, қоғамдық тәртіпті сақтау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың(өрт қауіпсіздігі) алдын алу мен олармен күресу шаралары жүйесінің қызмет жасауын қадағалайтын және реттеп отыратын орталық атқарушы орган болып табылады. Осы айтылған міндеттерге сәйкес министрліктің негізгі миссиясын анықтауға болады.

Бұл органның маңызды миссиясы–елдегі әрбір азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын, қоғам мен ел мүдделерін, құқыққа қарса бұзушылықтардан қорғау, сонымен қатар елдегі азаматтық қорғаныс жүйесін жетілдіру болып табылады.

Қазіргі уақытта Ішкі істер органдарының шеңберінде: әскери құрылым мәртебесі мен криминалды және әкімшілік полиция, ұлттық ұлан, көші қон қызметі, азаматтық қорғау қызметтері және осыған қоса, әскери тергеу органдары мен ішкі істер әскери полициясы құрылған.

Қазіргі таңдағы ҚР Ішкі істер министрлігінің құқықтық негіздеріне келетін болсақ, бұл орган еліміздің Конституциясына, ҚР заңдарына, ҚР Үкіметі бекіткен актілері бойынша, халықаралық келісімшарттар және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамаларына сәйкес жүргізілуі тиіс. Бұл мемлекеттік органның құқық негіздеріне сәйкес өз құзыреті шегінде министрліктің атынан ішкі істер органдары орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар лауазымды тұлғалар мен азаматтар орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады. Осыған қоса, қазіргі уақытта министрлікке басшылықты жүзеге асыруды жауапты лауазымды тұлға–Ішкі істер министрі орындайды. Ішкі істер министрін ҚР Президенті лауазымға тағайындайды және босатады.

Ішкі істер министрлігінің құрылымына кіретін департаменттер біршама. Солардың біріне министрліктің стратегиялық құжаттарының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді талдау қызметін іске асыратын Ішкі аудит департаментін алуға болады. Бұл департаменттің Ішкі істер министрлігінің стратегиялық бағдарламаларына қосатын үлесі маңызды болып келеді. Сондықтан да бұл департамент төмендегідей міндеттерді орындайды:

1) Министрліктің стратегиялық бағдарламаларының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуді талдау, саралау қызметі;

2) Қаржылық және басқару ақпаратының сенімділігін және дұрыстығын, аудит объектісінің қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін, мемлекеттік қызметтің сапасын, мемлекет активтерінің сақталуын талдау, бағалау қызметтері жатады.

Ішкі аудит департаментінің аса маңызды функцияларының біріне: министрге және ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган алдында көрсетілген қызметтік нәтижелер, қорытындылар бойынша жыл сайын есеп беру функциясын жатқызуға болады. Осы функцияға сәйкес Ішкі аудит департаменті 2018 жылғы 1 тоқсан бойынша ішкі істер органдарының бөліністері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарында 6 тексеру жүргізді.

Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша жалпы сомасы 898,9 млн. теңгеге қаржылық бұзушылықты анықтады. Бұзушылықтың жалпы сомасынан 39,5 млн. теңге қалпына келтіруге және бюджетке өтеуге жатады. Тексеру нәтижелері бойынша 5,9 млн. теңге қалпына келтірілді және бюджетке өтелді.(1-сурет)

Жалпы сомасы 150,8 млн. теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзушылық, оның ішінде мемлекеттік сатып алудың қорытындысына ықпал еткен сомасы 90,0 млн. теңгені анықтады. Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзуға жол берген үшін 18 лауазымды адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды.


Сонымен қатар, 2018 жылдың бірінші жарты жылдығында Ішкі аудит департаменті Қазақстан Республикасы ПМ-нің бөліністері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарында 21 тексеру жүргізді.

Жүргізілген тексеру нәтижелері бойынша жалпы сомасы 2 370,0 млн. теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталды. Бұзушылықтың жалпы сомасынан 841,4 млн. теңге қалпына келтіруге және 33,5 млн. теңге бюджетке өтеуге жатады, оның ішінде 813,0 млн. теңге қалпына келтірілді және 7,6 млн. теңге бюджетке өтелді. (1-сурет)

Жалпы сомасы 421,7 млн. теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы бұзушылықтар, оның ішінде мемлекеттік сатып алудың қорытындысына ықпал еткен сомасы 330,4 млн. Теңге анықталды.


Қазақстан Республикасының заңнамаларын бұзуға жол бергені үшін 49 лауазымды адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде 1 лауазымды адам қызметінен босатылды.

Келесі 1 суретте 2018ж. 1-ші тоқсан және 2018ж. 1-ші жарты жылдығы бойынша ПМ-нің Ішкі аудит департаменті ҚР ПМ-нің бөліністері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарындағы тексерулеріндегі бұзушылықтар мәліметтері берілген.



Сурет-1. 2018ж. 1-ші тоқсан және 2018ж. 1-ші жарты жылдығы бойынша ПМ-нің Ішкі аудит департаменті ҚР ПМ-нің бөліністері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарындағы тексерулеріндегі бұзушылықтар

2018 жылға арналған Ішкі істер министрлігінің бюджеттік инвестициялар жобалары бойынша Республикалық бюджет қаражаты есебінен 6 бюджеттік инвестициялар жобаларын іске асыруға 7 691 515 мың теңге бөлінген болатын. Оның ішінде келесі жобаларға(2-сурет):



Сурет-2. ПМ-нің 2018 жылға арналған ПМ-нің бюджеттік инвестициялар жобаларына бөлінген қаражат көздері, мың теңге

2019 жылы ПМ-нің 9 бюджеттік инвестициялық жобасын іске асыруға республикалық бюджеттің есебінен мынадай жобаларға 14 млрд. 568 млн. теңге бөлінді. Осыған сәйкес бұл жобаларға төмендегілер кіреді:



Сурет-3. 2019 жылға арналған ПМ-нің бюджеттік инвестициялық жобасын іске асыруға республикалық бюджеттің есебінен жобаларға бөлінген қаражат, млн/млрд теңге

Жоғарыда аталған бюджеттік инвестициялық жобалардың негізінде мемлекеттік қызметтер көрсету үдерістерін автоматтандырудың тиімділігі мен орындылығын бағалай аламыз. Осындай негізге сүйенетін келесі бюджеттік бағдарламаларды атауға болады.

Еліміздегі Ішкі істер министрлігінің 2016-2018 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламасы: қоғамдық тәртіпті қорғау және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстық жүйе, төтенше жағдайларды алдын алу және де оларды жою саласындағы мемлекеттік саясатты жоспарлау, сонымен қатар оның іске асуын ұйымдастыру жайындағы біршама қызметтермен сипатталады. Бағдарламаның мақсаты да сипаттамасына қарай


негізделеді.

1-кесте. ПМ-нің 2016-2018 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаның шығыстары, мың теңге

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Есеп беру кезеңі	Ағымдағы жылғы жоспар	2016 жыл	2017 жыл	2018 жыл
1	2	3	4	5	6	7
Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың қорытындысы	мың теңге	60 568 125,6	63 580 092	61 704 409	62 234 760	62 234 892

Аталған бағдарламаның соңғы нәтижелері бойынша мынадай қорытындыға келе аламыз: қоғамдық қауіпсіздіктің тиісті жай-күйін қамтамасыз ету және қылмыстар мен әкімшілік бұзушылықтарды алдын алу, анықтау, қылмыстарды ашу секілді іс-қимылдар, заңнамада белгіленген құзыреті шегінде алдын ала тергеуді анықтауды және дағдарыстық жағдайда басқарудың жеделдігі мен тұрақтылық деңгейін арттыру, төтенше жағдайлармен күресу қызметтері жүзеге асырылды.

2020 жылы ПМ-нің 22 бюджеттік инвестициялық жобасын іске асыруға республикалық бюджет қаражатының есебінен мынадай жобаларға 37 млрд. 406 млн. теңге бөлінді және бұл қаражат көздері қандай бағытқа арналғанын төменде келтірілген мәліметтерден көруге болады.



Сурет-4. 2020 жылы ПМ-нің 22 бюджеттік инвестициялық жобасын іске асыруға бөлінген қаржы, млрд.тг.

Қорыта келе, ішкі істер органдарының бюджеттік бағдарламаларының тиімділігін бағалау түпкілікті мақсатқа қол жеткізу дәрежесін, бюджеттік бағдарламалардың күтілетін нәтижелері мен индикаторларын, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет активтерін оларды іске асыру мерзімдері бөлігінде, республикалық және жергілікті бюджеттерді атқару кезінде тиімділік пен нәтижелілік қағидаттарын сақтау үшін жүргізіледі. Осыған сәйкес, Ішкі істер министрлігінің бюджеттік бағдарламалары, белгілі бір салаға байланысты бөлінген қаржы көздерінің дұрыс жұмсалуды жоспарлау мақсатында әзірленеді. Сонымен қатар, жоғарыда көрсетіп кеткендей, бағдарламалар негізінде көптеген ғимараттардың құрылыс барысына байланысты бөлінген және ол өз қызметін атқаруда. Сонымен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарын жаңғырту мәселелері бойынша қазіргі таңда біршама бюджеттік бағдарламалардың септігі аз емес.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігінің ресми сайты <http://www.gov.kz/memleket/entities/qriim?lang=kk>

2. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 23 сәуірдегі № 199-V ҚРЗ. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000199>

3. Курс лекции по дисциплине «Специальная техника и ее применение»./ Тулеев С.А.- Актобе: Актюбинский юридический институт МВД Республики Казахстан им.М.Букенбаева, 2016. - 101с.

4. "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1747 Қаулысы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001747>

5. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы

[https://egov.kz/cms/kk/law/list?departments%5B0%5D=1\\_103&departments%5B1%5D=2\\_103003](https://egov.kz/cms/kk/law/list?departments%5B0%5D=1_103&departments%5B1%5D=2_103003)